



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 2 мамыр

### 2018 жылғы 20 сәуірден 28 сәуір аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

28 сәуірдегі сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,3%-ға (326,17-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 327,25 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 20 сәуірден 28 сәуір аралығындағы маңызды оқиғалар ЕОБ және Жапония Банкінің ағымдағы ақша-кредит саясатын бұрынғы деңгейде сақтап тұру, ЕОБ -ның төрағасы Марио Драги мен Жапония Банкінің төрағасы Харухико Куроданың монетарлық саясатқа және экономикалық өсуге қатысты баяндамалары, АҚШ президенті Д.Трамп пен Франция президенті Э.Макронның Иранмен ядролық бағдарлама бойынша келісімді қайта қарау және ұзақ пайдаланыстағы тауарлардың және АҚШ-тағы ІЖӨ-нің өсуі бойынша экономикалық деректерді жариялау болды. Осы факторлар АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі деңгейінің ұлғаюымен қатар, әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Оңтүстік Африка рэнді** кәсіподақтардың ереуіліне байланысты кейбір ірі қалаларда автомобиль шығару бойынша негізгі зауыттардың жұмысы және қоғамдық көлік қызметтерінің тоқтауы аясында 1,8%-ға (12,11-ден 12,33-ке дейін) әлсіреді.

- **Бразилия реалы** Қаржы министрі Эдуардо Гуардиидің Бразилияның үкіметтік реформаларын іске асырмай экономиканың тұрақты өсуін қолдау мүмкін еместігі туралы мәлімдемесінің, сондай-ақ наурыз айында халықтың жұмыспен қамтылуы туралы деректердің нашарлауы аясында 1,5%-ға (3,41-ден 3,46-ға) дейін) әлсіреді;

- **Ресей рублі** АҚШ пен Ресей арасындағы геосаяси шиеленістің жалғасуы аясында 1,3%-ға (61,38-ден 62,16-ға) дейін) әлсіреді. Валюта бағамы ресейлік бизнесмен Олег Дерипасканың директорлар кеңесінен кетуі және АҚШ-тың Қаржы министрлігі кейбір компаниялардан санкцияларды алуына болжамды әсер етуі мүмкін алюминий саласының

---

<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.


кейбір кәсіпорындарында ірі акционер болып табылатын EN+ компаниясындағы үлесін қысқарту туралы мәлімдемесінен кейін әлсіреуін тоқтатты.

- **Үндістан рупиясы** ағымдағы шоттың тапшылығының артуы және мұнай бағасының өсуі туралы талдаушылардың болжамы аясында 0,8%-ға (66,11-ден 66,66-ға дейін) әлсіреді;

- **Мексика песосы** 0,4%-ға (18,53-ден 18,61-ге дейін) әлсіреді;

- **Индонезия рупиясы** бір апта бойы бір АҚШ доллары үшін 13 893 рупий деңгейдегі шектерде айтарлықтай өзгеріссіз саудаланды;

- **Түрік лирасы** Түркияның Орталық банкі қосымша өтімділік қажеттілігі жағдайында екінші деңгейдегі банктер үшін кредиттеу мөлшерлемесін 0,75%-ға (12,75% - дан 13,50%-ға дейін) ұлғайту бойынша күрт шешім қабылдауы аясында 1%-ға (4,08-ден 4,04-ке дейін) нығайды.



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)